

31.10.2023ж

Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

Күн тәртібінде:

1. Мерекелік ертеңгілік «Берекелі Алтын күз»
Өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А
2. Мерекелік ертеңгілік «Алтын күз»
Өткізген № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржан
3. Мерекелік ертеңгілік «Алтын күз»
Өткізген № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Ү

Тыңдалды :

1.Бірінші мәселе бойынша шағын орталық директоры Мусаева Сабира күз мерекесіне арналған ертеңгіліктер өткізілді. Мерекеге сай безендіру балалардың киімдері жақсы деңгейде безендірілген. Алтын күз мерекеге байланысты өткізілген ертеңгіліктер бойынша өз ой-пікірлерімізді ортаға салып ұсыныстарымызды білдіріп отырайық. № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова өз сөзінде. Бүгінгі күз мерекесіне байланысты өткізілген ертеңгілік өз деңгейінде өткіздім. Тоқтала кететін болсам ертеңгілікке сай балаларды киіндірдім. Өлеңдер тақпақтар және билер күз мерекесіне байланысты алынды. Балалар тақпақтарын өлеңдерін билерін жақсы деңгейде айта білді. Балалармен мереке сай ойындарды қызыға ойнай білді. Күз мезгілінде жеміс жидектер пісіп оларды жинап алатынын білді. Жеміс жидектерді дәміне қарай ажырата білді. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілігімді жақсы деп бағалаймын.

1.1. № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржан өз сөзінде күз мерекесіне байланысты ертеңгілік «Берекелі алтын күз» № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова өткізген ертеңгілік өте жақсы деңгейде өтті. Балалардың киімдері ертеңгілікке сай киіндірілген және тәрбиешінің ата аналармен қарым қатынасы жақсы деңгейде. Тәрбиешінің сөздік қоры байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Балалар тақпақтарын өлеңдерін билерін жақсы деңгейде орындалды. Бала жасына сай өлеңдер алынған балалар қимылдарымен өте жақсы деңгейде орындап берді. Ғажайып сәт күз ханшайымы балалармен жақсы қарым қатынаста болды. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

2. Екінші мәселе № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржанның өз сөзінде «Алтын күз» ертеңгілігіне ана анармен байланысты түрде өткіздім. Балалардың киімдері ертеңгілікке сай балалардың тақпақтары өлеңдері билері балалар орындап берді. Күз мерекесіне сай балалар ойындарды қызыға ойнады. Ғажайып сәт балалармен қызыға ойындар ойнады жұмбақтар шешуін шеше білді. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

2.1. № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Қарасаева өз сөзінде № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Маржанның «Алтын күз» ертеңгілігі жақсы деңгейде өтті. Балалардың сөздік қоры тәрбиешінің сұрақтарына жауап беруі өте жақсы деңгейде. Балалар ән саз ырғағын тыңдай отырып билерін өте жақсы деңгейді билей білді. Тақпақтарын өте жақсы деңгейде айтты. Ғажайып сәт жасырған жұмбақтарын шешуін тауып ойындарды жақсы ойнай білді. Жеміс жидектерді ажырата білді. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт «Алтын күз» ертеңгілігімді жақсы деңгейде өтті. Балалар күз мерекесіне байланысты тақпақтарды өлеңдерді билерін жақсы деңгейде орындап шықты. Ғажайып сәт балалармен жақсы деңгейде орындай білді. Күз мезгілінің ерекшелігін ауа райына байланысты құбыластарды ажырата білді. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

3.1. № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова өз сөзінде № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміттің «Алтын күз» ертеңгілігінде мақсатына өткізді. Балалардың киімдері ертеңгілікке сай безендірілді. Балалар тақпақтарды өте жақсы деңгейде орындап шықты. Балалар ғажайып сәтпен жақсы деңгейде жеміс жидектер туралы ойын ойнады. Балалар мерекені сезіне білді. Күзде еңбек түрімен таныса білді. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

Шешімі:

Күз мерекесіне арналған «Алтын күз» ертеңгілігі барлық топта «жақсы» деп бағалансын

Шағын орталық директоры :
Хатшы:



С.Р. Мусаева
Т.Е.Махашева

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Алтын күз»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының
тәрбиешісі Мендыгулова А

2023-2024 оқу жылы

«Алтын күз»

Мақсаты : Балаларды күз әлемімен таныстыру.Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді айтқызу.Балаларды күз ерекшеліктерімен таныстыру,күзгі еңбекпен таныстыру.Күз мезгіліне сай ән, тақпақтар жаттатып айтқызу. Әсем әуен ойнап тұрады.Балалар табиғат көрінісімен безендірілген залға кіреді.

Қатысатын кейіпкерлер: Жүргізуші, Алтын күз

Жүргізуші:Армысыздар, құрметты қонақтар!

Берекелі алтын күз құтты болсын.

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Бүгінгі біздің «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

Өнер десе жайнаймыз,

Сандуғаштай сайраймыз,

Алтын күзге арнаған,

Әнімізді шырқаймыз.

«Күншуақ» тобының күз мерекесіне арнап жаттаған «Жапырақ»әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Жапырақ»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар , кішкентай ғана балалармыздың Алтын күзге жаттап келген тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар:

1.Райс

Келді міне күз

Айнала сары түс

2.Айсана

Керемет тамаша,

Қандай әсем күз

3.Дамир

Күз байлық береке,

Алтын күз мереке.

4.Перизат

Қарашы күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

5Әділ

Думан толы асқарлы,
Күз мезгілі басталды.

6.Айлин

Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

7.Әлиби

Жеміс-жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.

«Күз ханшайымы» ортаға ауенмен кіріп келеді.

Күз ханшайымы: Сәлем балақайлар!

Қандай әдемі болып кеткенсіңдер, тура бір күз мезгілі секілді. Мен сендерге көп сыйлық алып келдім, сыйлық алғыларың келеме? Мен сендерден тамаша бір ән тыңдағым келеді.

Ән: «Жаңбыр»

Қимылмен көрсетіп орындайды.

Күз ханшайымы: балалар, мен сендермен ойын ойнағым келеді.

Ойын: «Жапырық жинау»

Балалар ,жел соғып,жауын жауып жапырақтарды түсіріп кетіпті , кәне сол жапырақтарды жинап, айналамызды жинастырып қойайық.

Жарайсыңдар балалар.Сендер еңбек етіп, айналаны тазалап қойдыңдар.

Еңбек еткен бала сыйлық алуға лайықты.

Ғажайып сәт: Күз ханшайымы дайындаған сыйлықты тарату (алма)

Жүргізуші: Алтын күздің бізге арнап әкелген жемістерінен дәм тататын уақыт болған сияқты. Ал, бүгінгі «Алтын күзге» арналған «Күншуақ» тобының мерекесіне уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет. Сау болыңыздар!

Қош сау болыңыздар!

«Алтын күз»



«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекет

Тақырыбы: «Алтын күз »

Өткізген №2 «Балбөбек» ортаңғы

тобының тәрбиешісі Тажигалиева М

2023- 2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Қазақстан Республикам менің»

Мақсаты: Отанымызды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге баули отырып, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту. Елін, жерін, тілін, тарихын құрметтейтін жаны таза, адамгершілігі мол азаматты қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.

Мерекеге сай безендірілген залға балалар қолдарында ту ұстап кіреді.

«Алға қазақстан» атты ән ырғағына байланысты қимылдарын орындайды.

Тәрбиеші:

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да, Аяулым, алтын бесік, қара орманым да. Бір нәрсе жетпейді деу қате болар. Өзіңдей ұлан байтақ далам барында.

Балалар! Сіздерді «Республика күнімен құттықтаймыз!» Осы мерекеге орай өткізілетін «Қазақстан – Республикам менің» атты мерекелік ертеңгілігімізді ҚР Гимнімен бастайық

1. Гимн (балалар жарты шеңберде тұрады)

Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Балалар: Қазақстан Республика күнін.

Тәрбиеші: Балалар мемлекеттік рәміздерді атаңдаршы?

Балалар: Ту, Елтаңба, Гимн.

Тәрбиеші: Дұрыс, айтасындар балалар

Ал енді балалардың орындауында:

2. Ән: «Тәуелсіздік ұраны»

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, енді мерекеге арналған өлең жолдарын тыңдайық:

(музыка әуенімен Томпақ келеді)

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы бізге қонақ келіпті, сендер таныдыңдар ма?

Балалар: Ия

Томпақ: Сәлеметсіңдер ме?, мен қайда тап болдым? Сендер кімсіңдер?

Тәрбиеші: Сен Қазақ еліне, қазақ жеріне келдің. Бүгін біз балабақшада балалармен Қазақстан Республика күні мерекесін тойлап жатырмыз.

Томпақ: Мереке? Ал мерекеде не істейсіңдер?

Тәрбиеші: Томпақ сен жоғары шық, біздің мерекені тамашала. Біздің еліміз туралы балалардың өлең жолдарын тыңда

3. Балалар өлең жолдарын оқиды

Томпақ: жарайсыңдар, тағы қандай өнерлерің бар?

4. Би «Тәуелсіздік күніне флешмоб»

Томпақ: рақмет, балалар көңілім көтеріліп қалды. Маған мереке ұнап жатыр.

5. Ән: «Қазақстан еліміз»

Тәрбиеші: балалар бір ойын ойнайық.

6.Ойын «Көлеңкесін тап»

Томпақ: Рақмет балалар, Мен Қазақ жері туралы , мереке туралы білдім. Достарыма айтып берейін, менің қайтатын уақытым келді. Сау болыңдар.

(Томпақ балалармен қоштасып музыкамен шығып кетеді)

Тәрбиеші: Осымен біздің Республика күніне арналған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Отанымыз, жеріміз тыныш болсын келесі кездескенше, аман сау болыңыздар!

№2 «Балбөбек» ортаңғы тобы
«Қазақстан Республикам менің»



«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сей Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Алтын күз»

Өткізген №3 «Ботақан» ересек тобының
тәрбиешісі Әбішаева Ү

2023-2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Алтын күз!»

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Жүргізуші балаларға тақпақ оқиды. «Күз әуені».

Думан толы асқарлы

Күз мезгілі басталды.

Күз әуені кеп жетті,

Әнге бөлеп жастарды.

Нұрға бөлеп өмірді,

Жырға бөлеп көңілді,

Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді.

Жүргізуші: - Құрметті әріптестер қош келдіңіздер! Алтын күз мерекесі құтты болсын! Ортаға ересек «Ботақан» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

Жүргізуші: - Қараңдаршы, балалар, бізге қандай көп жапырақтар ұшып келіпті. Қызыл, сары, жапырақтар да бар. Күзгі жапырақтар әдемі ме?

- Иә

- Балалар, Алтын күзді ортамызға шақырайық па? Иә!

- Ендеше, балалар, оны бәріміз бірге шақырайық.

Балалар: - Алтын күз! Алтын күз! Алтын күз!

Жүргізуші: - Балалар, Алтын күз бізді естімеген сияқты.

Біз Алтын күзді әнмен шақырайық. Ән. (музыкалық жетекшінің таңдауы бойынша) Музыка әуенімен бірге Алтын Күз сахнаға шығады.

Алтын күз: - Сәлеметсіздер ме, балалар! Біз бір жыл көріспедік қой! Жаз мезгілінен кейін мен келемін! Мен көп еңбек еттім, айналаны әдемі түстерге боядым, бәрін ашық түстермен безендірдім.

- Достар, мен туралы не білесіңдер?

Балалар "Күз" туралы тақпақтарын оқиды.

Нұразиз

Күзім-ау, күзім-ау,
Мінезің бұзық – ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық-ау

София

Көбейді құт береке,
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Бақдәулет

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді
Жеті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып-теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

Айнамкөз

Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді
Құс біткен керуен тізеді.
Қара бұлт қабағын түйеді.

И.Алихан

Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштықта
Қап-қап қауын алдық біз.

Қасым

Алақай, Алақай
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Мансур

Жеміс- жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып

Нұрай

Күзде дала жаурайды
Көкте бұлттар аунайды.
Бұтағынан үзіліп,
Жапырақтар саулайды.
Балалардың тақпақтарынан кейін биші қыздар биге шығады.
Би.Қолшатыр биі
Педагог: Балаларымыздың мерекеге дайындаған тақпақтарың бар.
Балалардың тақпақтары.

Байбол.Алинұр

Көрініп еліме
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Абу

Жапырақ ұшты,
Суықта түсті
Сонда да бізге
Қызық көп күзде.

Айзере

Құстар қайтты ән салып
Бұлт шарлады аспанды,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

Азима

Думан толы асқарлы
Күз мезгілі басталды
Күз әуені кеп жетті
Әнге бөлеп жастарды

Ерсұлтан

Айнала жым-жырт,

Көк аспан сұрғылт.

Жер жыртқан тыңда

Трактор қырда

Алтын күз: - Тамаша! Өте жақсы! Маған сендердің тақпақтарың ұнады.

Педагог

- Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр. Жұмбақтардың шешуін табуға дайынсыңдар ма? Иә! Жүргізуші балаларға жұмбақ жасырады.

Жұмбақтар.

1. Жер астында жез-қазық,

Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.)

2. Доптар жатыр желісі бар,

Қабат-қабат терісі бар. (Орамжапырақ.)

- Ой, бұл жұмбақтың шешімін барлықтарың білесіңдер.

3. Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсең, жылатады. (Пияз.)

Педагог: - Көрдіңіз бе, біздің балалар өте ақылды! Жұмбақтардың шешуін тез тауып алды.

Алтын күз: - Иә, иә! Ұлдар мен қыздар өте ақылды. Бәрі өнерлі екен.

Алтын күз, сен білесің бе? Бұл топтың балалары әнді тамаша айтады.

Қане, балалар, әнді бірге айтайық!

Ән. Алтын күз (музыкалық жетекшінің таңдауы бойынша)

Жүргізуші: Балалар, мен бір қызық ойын білемін. Бірге ойнайық.

Ойын: «Кім жылдам»

Ойын шарты: екі топқа бөлініп

Жүргізуші: Алтын күз менің балаларым биді тамаша билейді. Олардың қандай биші екенін қазір көресіздер.

Би. Жаңбыр

Алтын күз: - Мен де билеп, бойымды сергітіп алдым. Мен де ойын алып келдім.

Ойын: Кім шапшаң

Жүргізуші: - Бұл керемет ойын болды. Жарайсындар, балалар!

Жүргізуші: - Бүгін керемет мерекелік кеш болған секілді. Алтын күз мерекесіне арналған мерекелік кешіміз соңына жетіп қалды. Біздің тобымыздың балалары құрметті қонақтарымызға ән айтып бергісі келіп тұр. Ән. Күз келгенде

Алтын күз: - Балалар, біз де қайтайық. Мерекелік көңіл күй сыйлағандарың үшін көп рақмет! Сау болындар! Алтын күз балалармен қоштасып, залдан шығып кетеді.

Жүргізуші:


«Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын,

Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын

Ағашта жапырақтар сылдырлайды,

Төгілген алтын теңге сансыз жалқын» дей отырып, бүгінгі мерекелік кешімізді аяқтаймыз!

Тақырыбы: "Атын күз"





«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының Қараша айының айлық жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Кеңестер Ұлттық музыкалық аспаптарды қолдау арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға көркем – эстетикалық тәрбие беру	10.11.2023	Музыка жетекшісі
2	Бақылау және басшылық Тақырыптық бақылау «Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі»	16.11.2023	Әдіскер
3	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу Сараптау комиссияның жұмысы: А. Аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен әңгімелесу. Б. Бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту	24.11.2023	Сараптау комиссиясы
4	1. Ертеңгіліктер , мерекелік іс – шаралар 1.Мерекелік ертеңгілік «Берекелі Алтын күз» 2.Мерекелік ертеңгілік «Алтын күз» 3.Мерекелік ертеңгілік «Алтын күз»	22-24.11.2023	№ 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендігулова А № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева М № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Ү

Мусаева Сабир

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының «Алтын күз» ертеңгіліктің кестесі.

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Ертеңгілік «Берекелі Алтын күз»	08.11.2023 Сағат 9.00	Тәрбиеші Мендігулова А №1 «Күншуақ» кіші топ
2	Ертеңгілік «Алтын күз»	08.11.2023 Сағат 9.30	Тәрбиеші Тажигулова М №2 «Балбөбек» ортаңғы топ
3	Ертеңгілік «Алтын күз »	08.11.2023 Сағат 10.00	Тәрбиеші Әбішаева Ү № 3 «Ботақан» ересек топ

Жауапты :

May -

Т.Е.Махашева